



ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

4-БЕТ | САЯСАТ



НЕЙРОЖЕЛІ ДӘРІГЕРДІ АЛМАСТЫРА МА?

8-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ЖАЗДА ҰШҚЫНДАҒАН АҚ ҰЛПА

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстанда тұрып жатқан корей диаспорасының өз тілін сақтап, дамытуына қолдау көрсетіледі. Осы мақсатпен екі ел аумағында тұрақты түрде мәдени іс-шаралар өткізуге уағдаластық. Қазіргі таңда Қазақстан азаматтары Кореяға 30 күнге дейін визасыз бара алады. Таяу арада Астана-Сеул бағытында тікелей рейс ашылады. Әуе рейстерінің ұлғаюы екі ел арасындағы байланысты нығайта түсетіні сөзсіз.

№70
(4658)

Бейсенбі
13 маусым
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



11-13 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёль Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Әуелі мәртебелі мейманды «Ақорда» резиденциясында салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті.

Одан кейін екі ел басшылары шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Корея Республикасының Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізіп, бірлескен мәлімдеме жасады. Екі елдің ресми делегация мүшелері маңызды ресми құжаттарға қол қойды. Сондай-ақ осы сапар аясында қазақ-корей бизнес форумы өтті.

Екі ел басшылары арасындағы келіссөздерден кейін көптеген жағымды жаңалыққа куә болдық. Елімізде корейлік BNK Finance Kazakhstan микроқаржы ұйымы екінші деңгейдегі банкке айналады. Корея Қазақстандағы ұлттық жобаларға қатысатыны мәлім болды.



БУРАБАЙҒА ТЕЗ ЖЕТЕСІЗ

Елордадан Бурабай шипажайына бұрынғы 4 сағаттың орнына енді 2,5 сағатта жетуге болады деп хабарлады «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі.

«Қарағанды-Астана» №7553/7556 электр пойызының жүретін жолы Бурабай курортына дейін ұзарды. Қарағандыдан Астанаға дейін бұл пойыз №7553/7556 нөмірімен жүреді, ал Астанадан Бурабай курортына дейін №6811/6812 нөмірімен жалғасады. 14 маусымнан бастап осы электр пойызының жүру жиілігі аптасына екі реттен бес ретке дейін ұлғаяды. Енді «Қарағанды-Астана-Бурабай» электр пойызы дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі және жексенбі күндері жүреді. Сондай-ақ Бурабай бағытында күнделікті №6829/6830 «Астана-Көкшетау» электр пойызы қатынайды. Қосымша электр пойыздарының билеттері ilet.railways.kz сайтында және теміржол вокзалдарындағы «Жолаушылар тасымалы» АҚ кассаларында сатылады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

2-3

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Тапсу елге
тыныштық пен
тоқшылық келтір.

Крылов

”

«ЖАСАЙ БЕР, ЖАЙНА-АСТАНАМ!»
ВЕЛОШЕРУІ
30.06.24

ТИРНЕУ: 7:00-8:00
БАСТАЛУЫ: 8:00
АЙНАЛМА ЖОЛ
ҚОСШЫ-ҰРКЕР

ЕЛ НАМЫСЫН 9 ЕЛОРДАЛЫҚ ҚОРҒАЙДЫ

Үстел теннисінен ұлттық құрама көшбасшысының бірі астаналық Кирилл Герасименко кеше Парижде өтетін Олимпиадаға лицензия алды.



Ол бұл мүмкіндікке көптеген рейтингтік жарысқа қатысып, тұрақты ұпай жинау арқылы қол жеткізді. Халықаралық үстел теннисі федерациясының жаңарған рейтингінде ол Азия құрлығында жолдамасы жоқ ойыншылар арасында ең жоғарғы орыннан көрінді. Кирилл Герасименко – Париж олимпиадасында ел намысын қорғайтын 9-астаналық спортшы.



15 маусымнан 16 маусымға қараған түні Астанадағы Ш.Айтматов көшесінде Bus Lane қоғамдық көлігі үшін бөлінген жолақ іске қосылады.

City Transportation Systems мәліметінше, жалпы ұзындығы 10,5 шақырым бөлінген жолақ Ш.Қосшығұлұлы көшесінен Ж.Молдағалиев көшесіне дейінгі учаскеде пайда болады. Бұл – биыл қалада енгізуі жоспарланған жеті Bus Lane жолағының біріншісі. Бұдан басқа, қоғамдық көлікке арналған жолақтар Мәңгілік ел даңғылы, Тұран даңғылы, Тәуелсіздік даңғылы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, Ұлы дала даңғылы және Р.Қошқарбаев даңғылы бойында енгізіледі.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

**ТАУАР АЙНАЛЫМЫ
6 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРҒА
ЖЕТТІ**

Әуелі Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юн Сок Ёль бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Содан кейін Құрмет қарауылының бастығы мемлекет басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды. Салтанатты қарсы алу рәсімінен соң президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін Шығыс залына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің шақыруын қабыл алып, елімізге сапармен келгені үшін корейлік әріптесіне алғыс айтты. Сондай-ақ мұны екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға деген шынайы ниеттің айқын көрінісі деп бағалайтынын жеткізді.

«Бұл сапардың қос тарап үшін де мән-маңызы зор. Корея Республикасы – біз үшін сенімді серіктес әрі стратегиялық әріптес. Екі елдің достық дәстүрге негізделген қарым-қатынасы тереңнен тамыр тартады. Біз барлық деңгейде тығыз байланыс орнаттық. Күн тәртібіндегі мәселелер іскерлік рухта және сындарлы негізде шешімін тауып келеді. Қазіргі таңда екі ел арасындағы тауар айналымының көлемі 6 миллиард долларға жетті. Бұл – ортақ күш-жігердің жемісі. Ауқымды экономикалық жобаларды іске асырдық. Инвестициялық ықпалдастық жылдан-жылға нығайтып келеді. Қазір Қазақстанда Оңтүстік Кореяның капиталы бар 700-ден астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз қарқынды дамып жатыр. Қазақстандағы корей диаспорасы бұл үдерісте маңызды рөл атқарады. Оны екі халықтың арасын жалғап отырған алтын көпір деуге болады. Біз осы жетістіктерді еселеп, қазақ-корей ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеруге мүдделіміз. Бұл сапар екі елдің ынтымақтастығына тың серпін беретініне сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Юн Сок Ёль екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің 15 жылдығы қарсаңында Қазақстанға сапармен келгеніне қуанышты екенін жеткізді.

«Бүгінде елдеріміз арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде дамып келеді. Көптеген корейлік компания Қазақстан экономикасына инвестиция құйып, жұмыс орындарының ашылуына және өнеркәсіптің өркендеуіне ықпал етіп отыр. Бұдан бөлек, корейлік инвесторлар Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы, бу-газ электр станциясының құрылысы сияқты ірі жобаларға қатысып, Қазақстанның ұлттық инфрақұрылымын дамытуға өз үлестерін қосып келеді. Біз аса маңызды шикізаттарды игеру, атом энергетикасы, жаңартылатын энергия көздері секілді перспективті бағыттар бойынша ынтымақтастықты нығайтуға ниеттіміз. Жалпы, екі мемлекеттің ықпалдастық көкжиегін кеңейтетін уақыт келді. Осы сапар алдында Үкімет Кореяның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы туралы K-Silk Road бастамасын жариялады. Бұл – Кореяның Орта Азияға қатысты алғашқы дипломатиялық стратегиясы» деді Корея Республикасының Президенті.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Samsung Electronics компаниясы елімізде тұрмыстық техника шығаратын өндіріс ашуға ниеті барын мәлім етті. GL Ralpa компаниясы Астанада биофармацевтика зауытын салуды жоспарлап отыр. Басқосуда сирек кездесетін металдарды бірлесіп зерттеу және өндіру мәселесі де қарастырылды. Қазіргі таңда Қазақстан азаматтары Кореяға 30 күнге дейін визасыз бара алады. Таяу арада Астана-Сеул бағытында тікелей рейс ашылады. Бұдан басқа да маңызды мәмілелер жасалды. Енді осы сапар туралы кеңірек баяндайық.

Келіссөз барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юн Сок Ёль екі ел арасындағы қарым-қатынасты кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеруге ниетті екенін тағы да растады. Сондай-ақ осы байланыстарды саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың нақты бағыттары бойынша одан әрі нығайта түсуге өзара ниет білдірді.

Бұдан бөлек, президенттер өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде жан-жақты пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Кореяның халықаралық деңгейдегі көптеген мәселелерге қатысты ұстанымы ұқсас екенін атап өтіп, әлемдегі геосаяси қайшылықтардың шешілуіне екі

ел орта державалар ретінде өз үлестерін қоса алатынын мәлімдеді.

ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Одан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёль кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Екі ел делегацияларының қатысуымен өткен келіссөз барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Юн Сок Ёльдің Қазақстанға жасаған алғашқы мемлекеттік сапарын тарихи оқиға деп бағалады. Сондай-ақ келіссөздер қазақ-корей ықпалдастығының аясын кеңейтіп, екіжақты байланысты жаңа белеске көтеретінін айтты.

Қазақстан Президентінің пікірінше, Оңтүстік Корея жаһандық ауқымдағы нағыз экономикалық және технологиялық локомотивке айналды. Ал әлемге әйгілі корей корпорациялары халықаралық аренада елдің «негізгі жаһандық мемлекет» ретіндегі позициясын ілгерілетуге елеулі үлес қосып келеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастарды дамыту мәселелеріне тоқталды. Оның айтуынша, Сеул – Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты аймағындағы маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі. Корея сыртқы сауда айналымы бойынша төртінші орында және еліміздердің ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіреді.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Кореяның отыз

жылдан астам уақыт ішінде жоғары деңгейдегі саяси диалогқа қол жеткізгенін, табысты экономикалық ынтымақтастықты және берік гуманитарлық байланыстарды жолға қойғанын атап өтті. Екі ел парламентаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық деңгейде және басқа да түрлі салаларда ықпалдастық орнатқан. Іскерлік кеңес пен Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия табысты жұмыс істеп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел кәсіпкерлері арасындағы тығыз қарым-қатынасты жолға қою ісінде тұрақты байланыстар аса маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Сондай-ақ Қазақстанда Оңтүстік Кореяның капиталы бар 700-ден астам компания жемісті жұмыс істеп жатқанын ерекше атап өтті.

Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мәселесіне назар аударды.

– Қазақстанда тұратын 120 мың этникалық корей ұлтының өкілдері екі ел арасындағы қатынастарды нығайтуда маңызды рөл атқарады және оған өлшеусіз үлес қосады. Өз кезегінде Кореяда білім алып жатқан мыңнан астам қазақстандық жастар мемлекеттер арасындағы «достықтың алтын көпірі» саналады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Юн Сок Ёль қазақ жерінде құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, биыл Корея Республикасы мен Қазақстан арасында стратегиялық серіктестік орнағанына 15 жыл толғанын атап өтті.

– Корея Республикасы өзінің басты стратегиялық серіктесі – Қазақстанмен бірге жарқын және кемел келешекке қатар қадам басуға ниетті, – деді Корея Президенті.

Келіссөз барысында энергетика, инфрақұрылым, өнеркәсіп, машина жасау, сауда, көлік-логистика, цифрландыру, аэроғарыш өнеркәсібі, қаржы секторы, білім беру, денсаулық сақтау, фармацевтика, туризм, мәдениет, экология және басқа да салалардағы екіжақты ықпалдастықтың перспективалары талқыланды.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мазмұнды және конструктивті келіссөз жүргізгені үшін корей тарапына ризашылық білдірді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Корея басшылары Бірлескен мәлімдеме жасады. Екі елдің ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарға қол қойды: Энергетика саласын дамыту бағытындағы ынтымақтастық туралы келісім; Мұнай-газ және мұнай химиясы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім; Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Корея Республикасының Сауда, өнеркәсіп және энергетика министрлігі арасындағы электр энергетикасы саласындағы жан-жақты ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен Корея Республикасының Сауда, өнеркәсіп және энергетика министрлігі арасындағы маңызды минералдар мен металдар саласындағы жан-жақты ынтымақтастық туралы меморандум; Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі мен Корея Республикасының Экономика және табиғи ресурстар министрлігі мен Корея Республикасының Ғылым және технологиялар министрлігі арасындағы ғылым және технологиялар саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Корея Республикасының Орман шаруашылығы қызметі арасындағы орман шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасының Қызмет істері агенттігі мен Корея Республикасының Персоналды басқару министрлігі арасындағы мемлекеттік қызметтегі персоналды басқару туралы өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Корея Республикасының Жұмыспен қамту және еңбек министрлігі арасындағы жұмыспен қамту және еңбек саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасының Қаржылық қызметтер жөніндегі комиссиясы және Корея Республикасының Қаржылық қызметі арасындағы банктерді қадағалау саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Корея Республикасының Қоршаған орта министрлігі арасындағы Париж келісімінің 6-бабы бойынша ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандум.



№70 (4658) 13/06/2024 Бейсенбі

Берік УӘЛИ,
Қазақстан Республикасы
Президентінің кеңесшісі –
Президенттің
баспасөз хатшысы

ӘДІЛЕТТІЛІК – ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА ҚАҒИДАСЫ

Мемлекет – аса күрделі құрылым. Оны реформалау және қандай да бір өзгеріске әкелу – қиынның қиыны. Мұны жүзеге асыру үшін халықты ұйыстыратын алып идея қажет екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген тұста қоғамның мұндай идеяға деген сұранысы аса жоғары еді. Президент ұсынған «Әділдік» феноменінің бірден ел идеологиясының тұтқасына айналуы – осының айғағы.

«Әділдік» ұғымы ұлттық реформалардың басты ұранына айналды. Бұл ұстаным ауқымды өзгерістердің ұштағаны саналатын саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сана реформасының өзегі ретінде берік бекіді. Сонымен қатар бұл өзгерістерді нақты идеяны арқау еткен, түпкі мұраты айқындалған байыпты бастама ретінде қабылдаған абзал.

САЯСИ ИНСТИТУТТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент лауазымын қолға алғаннан бері іске асқан саяси реформалардың түпкі мазмұны елдегі демократия институттарында дамытуды көздейді. Бұл – саяси жүйені жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға негіз болды.

Саяси реформалар туралы сөз қозғағанда Конституцияны өзгертуге бағытталған жалпыұлттық референдум туралы атап өту – заңдылық. Бұл ретте Президенттің өзгерісті әркім өзінен бастауы керек деген ұстанымы жалпыға бірдей үлгі болғаны анық. 2022 жылы енгізілген Конституциялық өзгерістердің басты жаңалығы – Президенттің өкілеттігін бір мезгілмен шектеу туралы шешім. Бұл «Әділдік» феноменінің нақты орындалғанын көрсетті.

Сондай-ақ референдум аясында Парламенттің рөлін күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуға бағытталған іс-шаралар қолға алынды. Бұл реформалар саяси жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға және халықтың билікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, демократиялық институттардың нығаюына ықпал етеді. Мемлекет басшысының саяси реформаларының тағы бір тармағы саяси партияларды тіркеуді жеңілдету болды. Бұл өзгеріс саяси аренада жаңа партиялардың пайда болуын жеңілдетіп, саяси әралуандыққа жол ашты.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі де айтарлықтай өзгеріске бет алды. 2021 жылы алғаш рет ауыл әкімдері тікелей сайлау арқылы сайлана бастағанын білесіздер. Бұл қадам жергілікті мәселелерді тиімді шешуге және азаматтардың өз өңірлеріндегі басқару үдерісіне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Саяси трансформацияның тағы бір маңызды бөлігі – Парламенттің рөлін күшейту туралы шешім. Парламенттің атқарушы билікті бақылау функцияларын күшейту арқылы заңнамалық органның ықпалы артты деуге толық негіз бар.



РЕФОРМАНЫҢ ҮШТАҒАНЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Барша қауымға белгілі, жалпы жұртқа жария бір ақиқат бар. Еліміз кейінгі бес жылдың бедерінде мүлде өзгеріп, билік құрылымынан бастап қоғамдық-саяси санаға дейін түбегейлі жаңғырып жатыр. Бұл жаңғыру батыл қадамдарға, байыпты шешімдерге табын тірейтіні сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған сол саяси бағдар жөнінде тарқатып айтқан жөн болар.



Президент ұсынған саяси реформалардың бір жаңалығы – адам құқықтарын қорғауға бағытталған шаралар. Мемлекет басшысы адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіретін және азаматтық қоғамды дамыта түсетін қолдау шараларын енгізді. Конституциялық сот қайта қалпына келтірілді. Заңдылықты қадағалайтын прокуратура мен Адам құқығы жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Бұл қадамдар халықаралық стандарттарға сай келетін құқықтық жүйені қалыптастырды.

Аталған реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, қоғамның саяси өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға жол ашты. Түптеп келгенде, бұл ауқымды шаралар Әділетті Қазақстанның нықтап орнуына мүмкіндік берді.

ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында да ауқымды реформалар жүргізіп келеді. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған.

Президент Тоқаевтың бастамасымен Конституцияға концептуалды өзгеріс енгізілді. Яғни жер мен оның қойнауындағы байлық халықтың меншігінде айқындалды. Бұл қағида әлеуметтік саясаттың тірегіне айналды.

Нақты дәлел: «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама арқылы еліміздегі әр балаға Ұлттық қордан қаражат бөліне бастады. Бұл шараның түпкі мақ-

саты – әлеуметтік теңсіздікті азайтып, балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту. Бағдарлама өскелең ұрпаққа инвестиция салып, олардың білім алуына, денсаулығын жақсартуға және өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Шағын және орта бизнесті қолдау жұмыстары да артты. Бизнесті тексеруге үш жылға дейін мораторий жарияланды. Заңсыз алынған активтерді елге қайтарып, экономикалық айналымға түсіре бастады. Еліміздің логистикалық мүмкіндіктерін молайту арқылы табыс түсімін арттыруға жіті мән берілуде. Алдағы уақытта Қазақстанды логистикалық хабқа айналдыру жөнінде ауқымды міндеттер қойылды. Соған сәйкес инфрақұрылымды дамытудан бастап, қалыптасқан жүйені цифрландыру жұмысын қарқынды жалғастыруға айрықша мән беріліп отыр.

Президент индустрияландыру және инновацияларды дамытуға үлкен мән береді. Осы бағытта экономиканың әртарапандырылуы және жаңа технологияларды енгізу мемлекеттің маңызды міндеттеріне айналды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары арқылы өндіріс орындарын құру, ғылыми зерттеулерді қолдау және жоғары технологиялық салаларды дамыту көзделіп отыр. Цифрландыру саясатын жаңғыртып, бұл бағыттағы жетістіктерімізді еселеуге жаңа мүмкіндіктер жасалып келеді.

Бұрын назар аударылмаған энергетикалық, инженерлік жүйені түбегейлі жаңарту бастамасы қолға алынды. Ұлттық қауіпсіздік, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін бұл сала ондаған жыл бойы қараусыз қалып келгені ешкімге жасырын емес. Мемлекет басшысы бұл олқылықтар түзелмей тұрмыс түзелмейтінін жақсы біледі және білгендіктен нақты шешімдер қабылдап келеді.

Әлеуметтік серіктестік қағидағары да ерекше тоқталуды қажет ететін тақырып. Еліміз еңбек қатынастарын реттеу, жұмысшылардың құқықтарын қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту мәселелерін айтарлықтай күшейтті. Әлеуметтік серіктестік аясында жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы диалогті нығайту, еңбек құқықтарын қорғау және өндірістік дауларды шешу тетіктерін жетілдіру маңызды орын алады.

Әлеуметтік саланың әуелгі тірегі саналатын денсаулық сақтау және білім жүйесі де түбегейлі реформаға ұшырады. Аталған сала мамандарының жалақысын екі есеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Бұл білікті мамандардың салаға келуіне жаңаша серпін бергені сөзсіз. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Ғылымның дамуына айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Ұлттық ғылым академиясы өзінің тарихи тұғырына қайта қонды.

Алдағы уақытта жоғарыда біз атап өткен әділеттілікке негізделген әлеуметтік және экономикалық саясат қағидасы – еліміздің қуатының, халқымыздың әл-ауқатының негізгі сенімді күші болып қалатыны даусыз.

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ СЕРПІЛІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күллі реформасының өзегінде «Заң мен Тәртіп» ұстанымы тұр. Шын мәнінде «Әділдік» феномені осы екі түсінік үстемдік құрмай тамыр жая алмасы анық. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Заң адам үшін жазылады. Адам заң үшін тұмайды» деген сөзі бар. Еліміз қабылдаған қабырғалы құжаттар ең әуелі азаматтарымыз, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларды кертартпа қоғамдық кеселдерден сақтау үшін жазылған.

Бұл ретте елімізде синтетикалық есірткі саудасын, құмар ойын жарнамасын, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, браконьерлікті ауыздықтайтын бірқатар заң қабылданды. Мұның бәрі Әділетті Қазақстанды тұғырына шығарып, нық орнатпа бағытталған қадамдар. Түбегейлі реформалар өз миссиясын орындады. Бірақ реформаларды жүзеге асыру – бір бөлек, оны орнықтыру – бір бөлек дүние. Бұл үшін қоғамдық сана да жаңғыруға тиіс.

Президентіміз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын жаңа құндылықтар тізімін, яғни «Адал азаматтың» бейнесін айқын көрсетті. Бұл не үшін қажет? Қоғамдық ұстанымдар мен қолдау негізінде оң бағыттағы реформаларды іске асыру және берік орнығуы үшін қажет. Себебі адал азамат – ескі жүйеге оралмаудың кепілі, әділеттілік құндылықтарының қорғаны.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көшбасшылығымен еліміз бес жылды еңсерді. Бұл ұзақ жылдар бойы сірескен саяси жүйені серпілткен бес жыл болды. Қордаланған әлеуметтік мәселелердің түйінін шешкен бес жыл болды. Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету үшін батыл ұмтылыс жасаған бес жыл болды. Ең бастысы, қоғам жылдар бойы күткен әділеттілік төрге оздырған бес жыл болды. Бұл бес жыл алдағы жетістіктеріміздің жолашына айналатыны анық.

«Egemen Qazaqstan» gazeti,
12.06.2024 ж.

Биыл елордада 170 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Абаттандыру жұмысы қаланың барлық ауданында, соның ішінде елді мекендерді де толық қамтиды. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

АБАТТАНДЫРУ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ



«Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 20-дан астам аула мен қоғамдық кеңістік аштық. Биыл барлығы 170 аула мен қоғамдық кеңістікті (саябақтар, гүлзарлар, жележолдар) абаттандырамыз. Бұл жұмыспен қаланың барлық ауданын, оның ішінде елді мекендерді де қамтимыз» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбектің айтуын-

ша, Алматы ауданында Ақбұлақ өзенінің жағалауын абаттандыру жұмысы жүріп жатыр.

«Быттыр Ш.Құдайбердіұлы даңғылынан Абылай хан даңғылына дейінгі аралық қамтылған. Биыл Абылай хан даңғылынан Амман көшесіне дейінгі жерлерде жұмыс жүргізіліп жатыр. Олардың қатарында бос уақыт өткізуге арналған орындар, спорт алаңы, көгалдандыру, жарықтандыру және тағы басқалар бар. Сондай-ақ биыл Тәуелсіздік даңғылы мен Амман көшесі арасында жауу

жүргіншілер көпірі ашылады. Сол сияқты Тәуелсіздік даңғылының (Ақбұлақ өзенінің жағасынан Б.Момышұлы даңғылына дейін) жауу жүргіншілер бөлігі қолға алынды. Мұнда жаяу жүргіншілер бөлігін абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру жүргізілуде, даңғыл бойында кедергісіз орта құрылып жатыр. Сонымен қатар жаяу жүргіншілерге ыңғайлы болу үшін көлеңкелі шатырлар да орнатылады» деді әкім.

Жеңіс Қасымбек, бұдан бөлек, осыған дейін сауда орталықтарының құрылысы жоспарланған Тұран даңғылында екі жаңа қоғамдық кеңістік ашылғанын айтты.

«Т.Жүргенов көшесінде жасыл желек орнатылады, ал Мыңжылдық аллеясында 70 мың шаршы метр жер абаттандырылады. Сондай-ақ Т.Жүргенов көшесін (Айнакөл көшесінен Ж.Нәжімеденов көшесіне дейін), ескі вокзал аумағын және оған іргелес Гете мен Біржан сал көшелерін абаттандырамыз, «Жағалау» тұрғын үй кешенін абаттандыру аясында 18 гектар аумақ және тағы басқа жерлер абаттандырылады» деп сөзін түйіндеді әкім.

ДЕПУТАТТАР ҰСЫНЫС ЖОЛДАДЫ

Астаналық мәслихат депутаттары ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбаймен кездесті. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов ақпарат жариялады.

«Парламенттің жоғарғы палатасының өкілдерімен кездесу елордалық мәслихат қабырғасында жалғасты. Сенатор Бибігүл Жексенбаймен бірге «Тіімді мәслихаттар» бағдарламасын жүзеге асыруды талқылады.

Жаңа жылға дейін барлық нормативтік-құқықтық актілер мәслихат депутаттарының қатысуымен қабылданатынын қарастыратын жаңа заң қабылданады. Алайда ол жобалар депутаттық корпус әкімдіктермен

және сарапшылармен бірлесіп өткізетін қоғамдық тыңдаулардан өтуі тиіс. Бүгінгі таңда Астана мәслихатының депутаттары 11 заң жобасын қарау бойынша жұмыс топтарының құрамына кіреді. Бұдан басқа, мәслихат Қазақстан Республикасының Парламентіне елорданың қоғамдық көлігінде билетсіз жол жүру үшін жауапкершілікке тарту тетігін жетілдіруге қатысты бірқатар заңнамалық актіге ұсыныс жолдады. Сондай-ақ елордалық мәслихат Мәжіліске мәдениет және спорт, жастар саясаты, білім беру, денсаулық сақтау, тіл саясаты, жұмыспен қамту салаларында заңнамалық деңгейде шешуді талап ететін проблемалық мәселелер бойынша бірқатар ұсыныс жолдады» деп жазды төраға әлеуметтік желідегі парақшасында.



КӨШПЕЛІ КЕҢЕС ӨТТІ

Биыл қыркүйекте Қазақстанда алғаш рет өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық аясында іс-шаралар өтетін негізгі нысандар – «Қазанат» ипподромы және «Астана Аренының» дайындығын тексеру мақсатында мәслихат депутаттары көшпелі кеңес өткізді. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Ипподромды реконструкциялау барысымен, этноауыл салуға арналған алаңмен таныстық. Сондай-ақ барлық аттар орналасатын қоралардың ішкі әрлеу нұсқалары қарастырылды. 316 жылқыға арналған қосымша қора салынуда. 5 мың көрерменге арналған уақытша трибуналарға алаңдар дайындалуда. Жоба 2400 орындық көрерменге арналған жаңа заманауи трибуналарды, орталықта ВИП-трибуна салуды, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жүйрік шеңбер құруды, сондай-ақ жаттығу алаңдары бар «Көкпар» ойын алаңын қамтиды» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.



ӘКЕ – ШАҢЫРАҚТЫҢ ТІРЕГІ

Әкелер күніне орай елорданың «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында «Әке – шаңырақтың тірегі» атты мерекелік іс-шара өтті. Отбасы құндылығын насихаттап, әкелердің қоғамдағы ролін айқындауға бағытталған жиынға аталмыш орталық көмегіне жүгінетін әкелер қатысты.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Іс-шарада әкелер институтын дамыту, олардың отбасындағы ролін арттыру, дәстүрлі отбасы негіздерін нығайту, балаларды бірлесіп тәрбиелеудің, парасатты да саналы әке болудың жолын насихаттау бағытында бірқатар спикер сөз алды. Солардың қатарында «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының атқарушы директоры Шерхан Арапбай, «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығының ақпарат технологиялары бөлімінің басшысы Берік Нұрәулетов және Астана қаласы «Әкелер кеңесінің» төрағасы және С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясы «Әкелер кеңесінің» төрағасы Жалғас Құспеков болды.

– Әке болу міндеті – адамға ата-ана ретінде жүктелетін ұлттық мәдениеттің жүйесі. Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды дейміз. Яғни



ер-азаматтың өз балаларына қатысты тәрбие жұмысына белсене араласуы арқылы өз ролін жақсы түсінетін әкелердің тұлғасы қалыптасады. Олар ұл-қыздарының ержетіп есейгеніне мән бермейтін, күнделікті тәрбиесіне араласпайтын, өз жауапкершілігіне бей-жай қарайтынның санын азайтып, тіпті әкелік міндетінен

бас тартқысы келетіндерге үлгі болып, оның жолын көрсетеді. Бүгінде ер-азаматтар әкелік міндетті алдымен анасына, сосын балабақшадағы тәрбиешіге, түрлі қоғамдық ұйымға одан қалды мектеп мұғалімі, тағы сол сияқты тек өзінен басқасына іліп қойды. Мұнда бастысы олар өзін түземесе, баласын да түзей алмайтынын түсіну керек, – деді Ж.Құспеков.

Астана қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы» КММ көпбалалы, толық емес, жағдайы төмен отбасыларға, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасыларға және мүмкіндігі шектеулі жандарға кешенді кеңес беру қызметін көрсетеді. Орталық көмегіне жүгінгендердің бірі – елорданың Сарыарқа ауданының тұрғыны Айтбай Жақсыбаев.

«Мен үш баланың әкесімін. Жалғызбасты әке болған соң, «Жанұя» отбасы институты қолдау орталығы көрсеткен көмектің игілігін көріп отырмыз. Бізге азық-түлік себеті беріліп, үнемі осындай жиындардан қалыс қалдырмайды. Бұл жиында жауапты әке болудың маңызы туралы толымды пікірлер айтылды» деді ол.



СЫРТТА ЖАТТЫҒУ ЖАСАЙДЫ

Халықаралық йога күніне орай Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ашық алаңдарда йога жаттығулары өтеді. Бұл туралы қалалық әкімдіктің ресми сайты хабарлады.



13 маусым күні сағат 18:00-де орталық саябақта (Атырау көпірі астындағы алаң) және 14 маусым күні сағат 18:00-де «Астана Триатлон» паркінде (Арқар көпірі астындағы алаң) ашық йога жаттығулары өтеді.

«Өзіңізбен бірге ыңғайлы спорт киімі мен йогаға арналған матыңызды алып келуіңізді сұраймыз» делінген арнайы хабарламада. Қосымша ақпарат алу үшін мына нөмірге хабарласу керек: 8-701-943-15-04 – Әсет.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**АЙНАЛАНЫ
АБАТТАНДЫРУ –
МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫС**

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде Алматы ауданының әкімдігі қаланы көгалдандыруға және көк желекті шаһарға айналдыруға көп көңіл бөліп келеді. Аудан әкімі аппараты абаттандыру бөлімінің бас маманы Шаймардан Сұлтаннның айтуынша, бұл ретте биыл үлкен жұмыс атқарылды.

– Осы жылы Алматы ауданы әкімінің аппаратымен 3 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Алдымен Тәуелсіздік даңғылының жаяу жүргіншілер бөлігін дамыту, яғни Ақбұлақ өзенінің жағасынан Б.Момышұлы даңғылына дейін жаяу жүргіншілер бөлігі жайластырылып, даңғыл көгалдандырылды және жарықтандырылды. Сонымен бірге Т.Жүргенов көшесі абаттандырылып жатыр. Бұл ретте Айнакөл көшесінен Ж.Нәжімеденов көшесіне дейін жаяу жүргіншілерге арналған демалыс аймағын жайластыра отырып, көшеге тас төсеу, көгалдандыру және жарықтандыруды ауыстыра отырып, жаяу жүргіншілер бөлігін абаттандыру жұмысы жүруде, – деді бас маман.

Сондай-ақ Ақбұлақ өзенінің жағалауын абаттандыру жұмысы жалғасуда. 2023 жылы Ш.Құдайбердіұлы даңғылынан Абылай хан даңғылына дейін жұмыс жүргізілді. Ағымдағы жылы Абылай хан даңғылынан Амман көшесіне дейін абаттандырылуда.

Қоғамдық кеңістікті абаттандыру барысында аумақтар жарықтандырылуда және көгалдандырылуда. Биыл Әзірет Сұлтан мешітінде гүлзарларға арналған тіреу қабырғасы орнатылып, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының айналасы абаттандырылды.

Тәуелсіздік, Б.Момышұлы, Айнакөл, М.Жұмабаев, А.Бай-

**ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР
ЖЕТЕРЛІК**

Бүгінде елордамен бірге есейіп, ел дамуына ерекше үлес қосып келе жатқан Алматы ауданында тұрғындарға жайлы жағдай жасау бағытында игі істер атқарылуда. Аумақта жөндеу және қалпына келтіру, көгалдандыру, жарықтандыру жұмысы белсенді жүріп жатыр. Бұл ретте тұрғындардың өтініші мен ескертпесі есепке алынып келеді.


тұрсынов, Ж.Нәжімеденов көшелеріндегі жалпы көлемі 2500 шаршы метр аумаққа брусчатка жабынын қайта төсеу жүргізілді. А.Байтұрсынов, Ж.Нәжімеденов, Б.Момышұлы, Тәуелсіздік, Күйші Дина көшелеріндегі 30 көше жәшігі ауыстырылды. Ш.Құдайбердіұлы 36/2, Ғ.Мүсірепов 7/2, А.Бөлекпаев 9, Қажымұқан 20, Қ.Сәтбаев 22, Р.Қошқарбаев 46, 46 /1 мекенжайлары бойынша 27 орындық пен қоқыс жәшігі ауыстырылды және орнатылды.

**ТАЗАЛЫҚ
ТАБАЛДЫРЫҚТАН
БАСТАЛАДЫ**

Бүгінгі таңда аудан аумағында қоқыс төгуге рұқсат етілмеген 7 орын анықталды. Қазіргі уақытта аталған жерлерде, 5 учаскеде: «Нұрлы жол» вокзалы ауданында, Құлагер көшесінде, Астана-Қарағанды тасжолының бойы мен ЛРТ маңында тазалық жұмысы жүріп жатыр.

Бұдан басқа, қар үйіндісі ауданындағы жұмысты жүргізуге 10 өзі аударатын көлік және 2 тиегіш жұмылдырылды. Мамырдың 21-іне дейінгі көрсеткіш бойынша аудан аумағынан барлығы 8500 тоннадан астам (1214 рейс) қоқыс шығарылды. Өткен жылы 62 нүктенің 17 учаскесі 18,5 тонна қоқыстан тазарды.

Сонымен қатар ЛРТ бойында; Есіл өзенінің бетон бөгеті ауданындағы вокзалдың артында; эстакада бойында; А62 көшесі; индустриалды парк; айналма жол бойында;



Ж.Жабаев көшесі; Қапал көшесі бойындағы карьер; Ұлы дала даңғылы; Отау шағын ауданы; Ж.Нәжімеденов көшесіндегі тазарту жұмысына 60-қа жуық арнайы техника (10 тиегіш, 50 өзі аударатын көлік) жұмылдырылды.

Стихиялық қоқыс үйінді-

**БҮГІНГІ ТАҢДА
АУДАН АУ-
МАҒЫНДА
ҚОҚЫС ТӨГУЕ
РҰҚСАТ ЕТІЛ-
МЕГЕН 7 ОРЫН
АНЫҚТАЛДЫ.
ӨТКЕН ЖЫЛЫ
62 НҮКТЕНІҢ 17
УЧАСКЕСІ 18,5
ТОННА ҚОҚЫС-
ТАН ТАЗАРДЫ**

лерінің пайда болуына жол бермеу мақсатында белгіленген жерлерге қоқыс төгетін адамдарды анықтау бойынша мақсатты жұмыс жүргізілуде. Бұл бағытта ауданның жол полиция қызметкерлері үнемі іс-шаралар мен түнгі рейдтер өткізеді.

Жыл басынан бері қоқыс тастағаны үшін 36 жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 950 мың теңгеге айыппұл салынды. Қалған 3 учаскеде әктеу жұмысын бастау жоспарлануда.

**КӨШЕЛЕР
ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛДЫ**

Жұмыс жүргізу барысында 330 метр мөлшерінде тұрақты схема бойынша кабель тартылды. 16 тірек пен 6 шамды түзету бойынша жұмыс жүргізілді. Көше жарығының 50 шамына және саябақ жарығының 108 шамына тексеру жұмысы жүргізілді. Құлаған тіректер жөнделіп, қайта қалпына келтірілді.

Саябақтардағы жанбай тұрған шамдар жөнделіп, 176 жарықдиодты шам ауыстырылды. Көше тіректері сырланды. Аудан аумағындағы 288 люк жабылды. 10 спорт және мерекелік іс-шаралар алаңы электрмен жабдықталды. Тәуелсіздік, И.Панфилов, Айнакөл, М.Төлебаев және А.Токпанов көшелерінің бойына 10 металл тірек орнатылды. Ж.Нәжімеденов, Қ.Сәтбаев, Б.Майлин, И.Панфилов көшелері мен Б.Момышұлы, Тәуелсіздік даңғылдарының бойындағы

**ОСЫ ЖЫЛЫ
АЛМАТЫ АУДАНЫ
ӘКІМІНІҢ
АППАРАТЫМЕН
3 ҚОҒАМДЫҚ
КЕҢІСТІКТІ
АБАТТАНДЫРУ
ЖҰМЫСЫ ЖҮРІП
ЖАТЫР**

1401-ден астам ағаш пен бұта отырғызылып, 2704807 шаршы метр аумақ тазартылды. 12000-нан астам ағаш әктелді. 701763 шаршы метр жердегі көгалдың шөбі шабылып, 147 ағаш пен бұта қиылды. Биіктігі 5 метрден жоғары 2 мыңға жуық ағаштың жарамсыз бұтасы кесіліп, 17200 ағаш пен бұтаға тыңайтқыш себілді.

Көпірлерді күтіп ұстау бойынша да жұмыс жүріп жатыр. Бүгінгі таңда Алматы ауданының аумағында 7 көпір бар. Олар: Амман көпірі, Беласар көпірі, Р.Қошқарбаев көпірі, Абылай хан даңғылындағы 14-көпір, Тәуелсіздік даңғылындағы көпір, Абылай хан даңғылындағы көпір, Ш.Құдайбердіұлы даңғылындағы көпір. Қазіргі кезде оларды жуу жұмысы жалғасуда. Сонымен қатар Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ауданындағы жаяу жүргіншілерге арналған 2 көпір жөнделіп, қалпына келсе, Ш.Құдайбердіұлы, 2/7 үйінің ауданындағы жаяу жүргіншілер көпірі, Абылай хан даңғылындағы көпір, Ұлы дала даңғылындағы көпір сырланды.

Шаймардан Сұлтаннның айтуынша, бүгінгі таңда елордадан сыртқары орналасқан тұрғын алаптарды дамытуға ерекше назар аударылып келеді. Ондағы жолдар жөнделіп, абаттандыру, жарықтандыру, жолдар мен тротуарларды асфальттау, жолдарды жөндеу, нөсер көрізін орнату, балалар мен спорт алаңдарын салу және т. б. жұмыстар жыл бойы жалғаса береді. Сонымен бірге экологияны жақсарту және қала тұрғындары үшін жайлы демалыс орындарын құру мақсатында ауқымды көгалдандыру жұмысы жалғасуда.

Соңғы кездері тұрғын алаптарда жаңа жасыл аймақтар мен адамдар жиі жиналатын демалыс орындары, нақтырақ айтсақ, қоғамдық кеңістіктер көптеп пайда болды. Тұрғын алаптардың санитарлық жағдайына да баса назар аударылып келеді.

**КӨГАЛДАНДЫРУ –
КӨПТІҢ ІСІ**

Тұрғындардың өтінішін ескере отырып, аудан аумағында абаттандыру, ағаш отырғызу, жөндеу жұмысы атқарылуда. Маусым айының басынан бері Алматы ауданы бойынша



НЕЙРОЖЕЛІ ДӘРІГЕРДІ АЛМАСТЫРА МА?

Қазіргі кезде жасанды интеллект мүмкіндіктерінің дамығаны сонша, мұндай қондырғылар диагнозды нақты тауып, жоғары дәлдікпен нәтиже бере алады. Аурулар мен дәрі-дәрмек бойынша деректер базаларын қолдану арқылы жасанды интеллект чиптері бір топ дәрігерге қарағанда әдістемелерге жылдам талдау жасай алады.

Нейрожелінің дамуы шетелде қарқын алып келеді. Мысалы, Ресейде медицина саласында жасанды интеллект қолданумен төрт жоба әзірленген. Бұл жобалар адам ауруын анализдер арқылы танып қана қоймай, науқастарды емдеу бойынша жоспарды да белгілей алады. Қазақстандық әзірлеушілер бұл бағытта тіптен ілгерілетіп кетті. Олар халыққа дәрігер емес, жасанды интеллект консультация беретін сервис ойлап тапты. Бұл қадамның екінші жағы бар: жұмыс орындардың саны азаюы мүмкін.

Orbis research зерттеу ұйымының деректері бойынша әлемдегі бір миллиард адам негізгі медициналық қызметтерге қол жеткізе алмайды. Бұл жайт жаһандағы экономикалық өсуді тежеп, өмір сүру сапасын төмендетеді. Денсаулық сақтау жүйесінің жалпы әлеуетін арттыру арқылы ғана қызметтерге қолжетімділікті жақсартуға болады. Мәселені шешудің бір жолы ретінде медицина қызметкерлерінің штатын кеңейту. Алайда мамандарды көптеп жаппай дайындау үшін көп ресурс пен уақыт қажет, сонымен қатар оны жүзеге асыру қиын. Тағы бір жолы – қолданымға қызметкерлер есебінен тиімділікті арттыру арқылы әлеуетті көтеру. Бірақ бұл бағытта өз қиындықтары бар.

Сондықтан қазіргі кезде ең оңтайлы шешім – денсаулық сақтау саласына жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізу.

МӘСЕЛЕНІҢ МӨНІ

2021 жылғы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) денсаулық сақтау саласындағы этика және жасанды интеллектті қолдануға кіріспе бойынша әдістемелік баяндама дайындады. Онда «Денсаулық сақтау қызметкерлері мен науқастардың арақатынасы бай аймақтарға қарағанда әлдеқайда төмен дамыған елдерде жасанды интеллектке қажеттілігі жоғары болуы мүмкін» делінген.

ДДҰ мәліметтері бойынша АҚШ-та әр он мың адамға 36 дәрігерден, Ұлыбританияда шамамен 32 дәрігер қарастырылған болса, ал Үндістанда 10 000 адамға небәрі 7 дәрігерден келеді екен.

Mordor Intelligence зерттеу ұйымының медицинадағы жасанды интеллект нарығының мөлшері мен үлесін талдауда

көмекті қамтамасыз ету.

2022 жылы ModMed медициналық технологиялар саласындағы инновациялық компания жаңа жүйені таныстырды. Бұл жүйе зерттеуді құжаттау кезінде дәрігерлердің уақытын үнемдеуге арналған. Бұл тәсіл дәрігерлерге жұмыста науқасқа көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Orbis зерттеулері жасанды интеллект арқылы медициналық қызметкерлер аз уақыт ішінде науқастарды көбірек қабылдай алатынын көрсетті. Бұл ретте қызмет көрсету сапасы түспейді. Іс жүзінде жасанды интеллект диабет ретинопатия анықтауда тиімді екенін көрсетті. Осылайша медицина

герді алмастыру емес, оларға диагностикалауда процестерді жеңілдетуге көмектесу» дейді кәсіпкер.

СЕРВИС ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Пайдаланушы ai.checkdoc.kz сервисінің сайтына кіріп, форма бойынша бос жолақтарды толтырып, денсаулығындағы проблемаларды сипаттауы керек. Нейрожелі ұсынылған ақпаратты талдап, науқасқа тағы бірнеше нақты сұрақ қояды. Нейрожелі қоғамдық сұрақтар дәрігер қоғамы сұрақтан көбірек болып шықты. Адам денсаулығындағы проблемаға егжей-тегжей үңілу



қызметкерлерінің тиімділігі бірден 40 пайызға артқан.

Deep Eye Care Foundation қорының Бангладештегі көздің ішкі тор қабығын емдеу жөніндегі арнайы клиникасында бес ай бойы зерттеу жүргізілді. Зерттеуге 2 мыңнан аса пациент қатысты. Олар бірнеше топқа бөлінді. Бір топ науқас ЖИ-скринингі нәтижесіне қарамастан маман көмегіне жүгінуді жалғастырды. Келесі бір топ автономды ЖИ диабет ретинопатиясын анықтамаса, дәрігерге жүгінген.

Медицина саласында нейрожелілерді сәтті пайдалану мысалдарының бірі ретінде Checkdoc диагностикалау сервисін атауға болады. Бұл сервис Қазақстанда 2021 жылы іске қосылған. Осы сервис көмегімен үйден шықпай-ақ сапалы онлайн-консультацияны алуға болады. Ең қызығы, ауырған адамға консультация дәрігер емес, нейрожелі береді. Осындай сервисті әзірлеу идеясының авторы – кәсіпкер Әйел Тоты Сманова.

«Отандық медицинада нейрожелі пайда болуына қуанып жатқан дәрігер аз. Кейбір мамандар процестерді автоматтандыру жұмыс орындарын қысқартып, кәсіби мамандарды жояды деп алаңдайды. Менің пікірімше, ЖИ мақсаты – дәрі-

арқылы нейрожелі нақтылығы 90 пайызға жететін тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Әрі қарай нейрожелі науқасқа қандай маман көмегіне жүгінуге керек, қандай талдау жасау керектігін айтады. ЖИ науқасқа тіпті осындай талдау Checkdoc сервисінде бағасы қанша болатынын да хабарлайды.

«Шешімді адам емес, компьютер қабылдайтын жасанды интеллект емхана өнімділігін арттыра алады. Мұндай жүйелер АҚШ-тың Азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасы (FDA) медициналық қызметте пайдалану үшін қауіпсіз және тиімді деп таныды» деді Тоты Сманова.

Қазіргі кезде Checkdoc жобасына халықаралық инвесторлар қызығушылық танытып отыр. Сервистің дамуына Дубайдың Almak Capital қоры 250 мың доллар инвестиция салды. Бұл қаражат сервистегі технологиялық бөлікті пысықтауға жұмсалады.

Тұтастай алғанда, шетелдік сарапшылар әлем бойынша медицинада жасанды интеллект қолданатын қосымшалар мен қызметтердің саны артады деп болжайды. Қазіргі кезде ЖИ – сұранысқа ие нишалардың бірі.

Әнуарбек ЖӘЛЕЛ



АУРУДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАҒАН ЖӨН

Деректерге сүйенсек, құрт ауруын жұқтырғандардың шамамен он пайызы өмір бойы туберкулезбен ауырады екен. Бұл, әсіресе, жас балалар мен иммундық жүйесі әлсіреген адамдарда жиі кездеседі. Астана қаласының фтизиопульмонология орталығы елордалықтарға туберкулезге қарсы көмекті кешенді үйлестіріп келеді.

Орталық директоры Анна Цепкениң айтуынша, инфекцияны анықтау және оны уақыты жүргізу өте маңызды. Биылдан бастап Астана қаласының фтизиопульмонология орталығында туберкулез инфекциясы бар адамдарды квантиферрон тестімен тексеру және анықтау басталды. Бұл заманауи зертханалық тест туберкулез инфекциясын, оның жасырын түрін анықтауға мүмкіндік береді. Манту сынамасы мен диаскинтесттен айырмашылығы, квантиферрон сынағы адам ағзасынан тыс жүргізіледі. Құрт ауруын емдеу ұзаққа созылғанымен, қазіргі таңда қысқа мерзімде емдеу ұсынылып келеді.

Сонымен қатар туберкулезді анықтау үшін экспресс-әдіс қолданады.

«Қазіргі уақытта туберкулезді диагностикалаудың молекулалық-генетикалық әдісі бар. Ол – GeneXpert тест жүйесі. Бұл әдіс танымалдылыққа ие және диагностика процесі уақыт бойынша 2 сағатқа созылатындықтан, 100% анықтайды. Қақырықтың оң жағындысы бар емделушілер үшін жоғары сезімталдық 98%-ға дейін» дейді орталық мамандары.

Егер науқас туберкулезбен ауыратын болса, елорда тұрғыны болмаса да қалалық фтизиопульмонология орталығында емделуге болады.

#КЕРЕККЕҢЕС

ЖАЗДА ҚАНДАЙ ТАҒАМДАРДАН БАС ТАРТУ КЕРЕК?

Жаз маусымы кезінде дұрыс тамақтанбау ас қорыту жүйесінің бұзылуына әкеледі. Улану көбіне жарамдылық мерзімі өткен, дұрыс сақталмаған және антисанитария жағдайында дайындаған өнімдерді тұтынғаннан болады.

Адамдар көп жағдайда дайын тағамдарды тұтынған улануы жатады. Әсіресе, майонез және қаймақ қосылған салаттар, кілегей қосылған кондитерлік өнімдер, туралған ет тағамдары, желе және басқалар. Дайын тағамдардан бөлек, дұрыс жуылмаған жеміс-жидектерден де болады, өйткені ондай өнімдерде ішек инфекцияларының қоздырғыштары қалуы мүмкін. Сондықтан, астан улануы қалмас үшін гигиеналық талаптарды сақтаған жөн.

Яғни, көшеден үйге келгеннен кейін, тамақтанар алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу. Көкөністерді, жеміс-жидектерді ағын судың астында, ал кішкентай балалар үшін қайнаған сумен жуу, тез бұзылатын тағамдарды сақтау шарттарын сақтау, шикі тағамдар мен дайын тағамдарды бөлек сақтау секілді қарапайым ғана дүниелерді орындау керек.

Жалпы, жаз мезгілінде мүмкіндігінше газдалған

және тым суық сусындарға жоламаған жөн. Ол бәрібір адамның шөлін қандырмайды. Ең дұрысы – бөлме температурасындағы кәдімгі су, минералды су және жасыл шөй. Сусынды да көп іше беруге де болмайды, артық ішу бүйрекке салмақ түсіреді. Сонымен қатар, ағзадағы калория мөлшерін азайтқан дұрыс. Майлы ет, тәтті десерттер, тоқаш және тағы басқа тағамдардан бас тартып, оның орнына көкөністерге, жеміс-жидектерге, жеңіл салаттарға, сүт өнімдеріне басымдық берген дұрыс.

Ұлболған БАЙКЕНЖЕЕВА, дәрігер-эпидемиолог



ДҮЙСЕНБІ

17 МАУСЫМ



6:00 Әнұран
6:05 «Мұра». Деректі фильм
6:30 «Трешлік».
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.



5:00 МЕЛОДРАМА. «ЛУЧШЕЕ ВО МНЕ»
7:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ!»
10:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»
10:25 СЕМЕЙНОЕ КИНО. «МЭРИ ПОПЛИНС ВОЗВРАЩАЕТСЯ»



06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:45 «Маша и медведь» Мультсериал
09:00 «Осман 5» түрік телехикаясы



6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы
8:00 «P@УТИНА» бағдарламасы
9:00 «ТЕЛЕ-БУМ». Прямой эфир



7:05 «ӘНИМ СЕН ЕДІҢ»
7:40 «ЖАТ ТУЫСТАР», отандық телехикая.
9:10 «ЮМОРИНА», шоу-программа



06:00 Әзіл студия
07:00 Ризамын (новый)
08:00 TikTok show
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
7:00 «Тағдыр ойыны». Телехикая.
8:00 «СИННИЙ ТРАКТОР». Мультсериал



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

18 МАУСЫМ



6:00 Әнұран
6:05 «Мұра». Деректі фильм
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3»
7:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ!»
10:00 «НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ»



06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.45 «Маша и медведь» Мультсериал
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы



6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы
7:00 «P@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ЖАТ ТУЫСТАР», отандық телехикая.



06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 Time Vine
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
7:00 «Тағдыр ойыны». Телехикая.
8:00 «СИННИЙ ТРАКТОР». Мультсериал



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СӘРСЕНБІ

19 МАУСЫМ



6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР».
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3»
7:00 ТИКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ!»
10:00 «НЕОСЕТЬ»



06.00 «ЕНЕ» ҮНДІ ТЕЛЕХИКАЯСЫ
06.45 «МАША И МЕДВЕДЬ» МУЛЬТСЕРИАЛ
09.00 «ОСМАН 5» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ



6:00 «Ең алғашқы» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «P@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «KÖREMİZ» БАҒДАРЛАМАСЫ



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
7:30 «ЖАТ ТУЫСТАР», ОТАНДЫҚ ТЕЛЕХИКАЯ.



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 ТIKТОK SHOW
08:30 МУЛЬТСЕРИАЛ «МАША И МЕДВЕДЬ»



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
7:00 «Тағдыр ойыны». Телехикая.

16:00 «Алданған арман-2» Телехикая.
2-маусым. 3-бөлімі (Түркия, 2024 ж.)
17:00 «ҒАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ». Телехикая.



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

20 МАУСЫМ



6:00 Әнұран
6:05 «Мұра». Деректі фильм
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 Телехикая. «Пәленшеевтер 4»
7:00 Тикелей эфирде «Ояни!»
10:00 «Культурный контекст»



06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.45 «Маша и медведь» Мультсериал
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мәселесі басымдықта

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті құзіретінің бірі – мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қарастыру.

және босануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары берілгенін, нәтижесінде ол кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді ала алмағанын анықтады.

стыратын болады. Осы орайда мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде құқықтар бұзылған немесе аталған саланы жетілдіруге қатысты ұсыныстар болған жағдайда азаматтар Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша жазбаша түрде, портал немесе «E-otinish» платформасы арқылы электронды түрде, сонымен қатар EgovKzBot2.0 «Кеңес1414» телеграм-боты арқылы жүгіне алатынын хабарлаймыз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі атынан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Жазықбай Дархан Медегалыұлына аяулы анасы Есенбала Мақсұтқызы Қаржаубаеваның өмірден озуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БАСПАСӨЗ-2024

ГАЗЕТКЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

«ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОҢДАЙ-АҚ «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, Үлгі-2) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Table with 4 columns: Индекс, Жазылу бағасы, Қосымша бағасы, Қосымша бағасы. Rows show subscription rates for different periods (1 айға, 3 айға, 6 айға) and additional services like photocopies.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ РЕДАКЦИЯ: 8 (7172)



14 маусым күні Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актрисасы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жанат Чайкинаның 70 жас мерейтойы мен шығармашылығына 50 жыл толуына орай «Әйел құпиясы» спектаклінің премьерасы өтеді. Театр мұражайында актрисаның шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылады.

Актриса бенефисіне шақырады

Жанат Аңсабайқызы КСРО және ҚазКСР Халық әртісі Шолпан Жандарбекованың шеберханасын бітірді. Дипломдық жұмысы В.Ежовтың «Бұлбұлдар түні» шығармасындағы Инга бейнесі болды. 1975 жылы Талдықорған драма театры (қазіргі Б.Римова атындағы Талдықорған драма театры) ашылғанда өзінің курсымен осы өнер ошағының шаңырағын көтеріп, уығын қадады. Актриса одан кейін Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыкалық драма театрына шақырылды. 2008 жылдан бері Қаллеки театрының актрисасы.

М.Әуезовтің «Қарагөзінде» – Қарагөз, «Абайында» – Мағыш, «Хан Кенесінде» – Қарашаш, «Түнгі сарынында» – Жүзтайлақ, «Айман-Шолпанында» – Шолпан, Ф.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш

– Баян Сұлуында» – Баян, «Ақан сері – Ақтоқтысында» – Ақтоқты, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісінде» – Шұға, А.Чехов «Ваня ағайында» – Соня, «Шағаласында» – Заречная, У.Шекспирдің «Асауға тұсауында» – Катарина, «Лир Патшасында» – Корделия мен Шут, Ш.Айтматовтың «Ана – Жер-Анасында» – Жер Ана сынды, т.б. спектакльдерде сан алуан бейнелерді сомдады. Кино өнерінен де көрініп, кинорежиссер Серік Жармұхамедовтің «Өтелмеген парыз» (Әлимаш) және Талғат Темновтің «Қызғыш құс» (Роза) көркем фильмдеріне түсті.

Жанат Чайкина – республикалық «Жігер» жастар фестивалінің дипломанты. «Жыр Құлагері» Ілияс Жансүгіровтың 100 жылдығына арналған

республикалық фестивалде «Күйші» спектакліндегі Қарашаш рөлі үшін арнайы дипломмен марапатталды. VI және VII республикалық театрлар фестивалінде «Ең үздік әйел рөлі» және VIII республикалық театрлар фестивалінде «Шығармашылық ізденіс үшін» аталымдарында топ жарды. «АИ» театрында А.Чеховтың «Шие бағы» пьесасы бойынша сахналанған «Бақ» спектакліндегі Раневская (Сезім) рөлі үшін «Theatre criticism» сыншылары іріктеген «Жылдың ең үздік 10 актрисасы» тізіміне енгізілді.

Ал бенефисіне айналатын «Әйел құпиясы» спектаклінің авторы – Э.Филиппо. Қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ТҮРЛІ ДӘУІР ӘУЕНДЕРІ ӘУЕЛЕДІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының Ф.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті кварталы «Астана Опера» театрының К.Байсейітова атындағы камералық залында камералық музыка кешін ұсынды.



Аталмыш өнер ұжымы 1988 жылы ҚазКСР Халық әртісі, көрнекті композитор Ғазиза Жұбанованың бастамасымен құрылғаны мәлім. Квартетке кейіннен атақты композитордың аты берілді. Қырық жылға жуық тарихында ұжым талай табыстарға қол жеткізді. Квартеттің репертуарында орыс және шетел классиктерінің көптеген шығармалары, заманауи музыканың озық үлгілері бар.

Ал «Өткен ғасырлар кумирлері» атауын алған концертте түрлі дәуірлердің квартеттік музыкасы ұсынылды. Атап айтқанда, Йозеф Гайдн, Феликс Мендельсон, Дмитрий Шостакович сынды классик композиторлардың музыкасы әуеледі. Белгілі күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермұрат Үсенов Ф.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті кварталы арнайы күй атасы Құрманғазының «Төрмұрат» күйін өңдеді. Бұл туынды да орындалды.

ДҮБІРЛІ ДОДА ЖАҚЫНДАДЫ

Астанада іске қосылған Париж-2024 жазғы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына дайындық бойынша Жедел штабта алдағы жарыстарға арналған мәжіліс өтті.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ



Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек спорт сарайы алдында орналасқан Жедел штабта Ұлттық Олимпиада комитеті Бас хатшысының орынбасары Елсияр Қанағатов Қазақстан командасының Париж ойындарына дайындығы жайлы жан-жақты әңгімелеп берді. «Бүгінгі таңда ойындарға баратын Қазақстан делегациясы үшін Париждегі олимпиада қалашығындағы орналасу мәселесі түгелдей шешілген. Спортшылардың жаттығу жасауына және демалуына жағдай жасалған. Қазіргі күнде Олимпиадаға қатысатын спортшылардың негізі іріктелген, әзірге Қазақстан қоржынында 70 лицензия бар. Алдағы аптада тағы да 4-5 жолдама алу мүмкіндігіміз бар. Жалпы ұлттық құрама еншісінде 80 жолдама болады деп жобалап отырмыз. Шілде айының басында Қазақстан делегациясының киім формасы толық дайын болады» деп атап өтті Елсияр Қанағатов.

XXXIII жазғы Олимпиада ойындары мен XVII Паралимпиада ойындарына қатысу бойынша Туризм және спорт министрлігі Спорт комитеті төрағасының орынбасары Азамат Имашев айтты. Дүбірлі додада ел намысын қорғайтын спортшылардың дайындығына Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті және спорт федерациялары тарапынан көп жұмыс атқарылып жатқанын жеткізді.

Жедел штабта берілген мәлімет бойынша өңірлер бойынша Олимпиадаға қатысушылар саны бойынша 12 спортшысын қо-

сып отырған Шымкент қаласы алда тұр, Алматы қаласынан 10 спортшы, Астана қаласынан 9 спортшы Париж алаңдарында сынға түсетін болып отыр. Ал Павлодар, Қостанай, Ұлытау және Маңғыстау облыстарынан бірде-бір спортшы байрақты бөсекеге іріктеле алмады.

Париж-2024 жазғы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына дайындық бойынша Жедел штабтың отырысына арнайы шақырылған мемлекет және қоғам қайраткерлері Әлихан Баймен мен Абай Тасболатов, ардагер спорт журналистері Несіп Жүнісбай, Жүсіп Хисымов, Оңдасын Елубай, Қыдырбек Рысбек, сондай-ақ Олимпиада ойындары мен әлем чемпионатының жеңімпаздары Серік Сәпиев, Василий Левит және Мерей Ақшалов алдағы Олимпиада ойындарына қатысты өз ойларын ортаға салып, спортшыларымызға тілектерін айтты.

Парижде әлемнің ең үздік спортшылары сынға түсетін Олимпиада ойындарының басталуына 42 күн қалды. Осы байрақты жарыстан Қазақстан спортшылары әлем аспанында әнұранымызды асқақтатып, көк туымызды биіктен желбіретеді деген сенімдеміз.

АРХИВШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС

Астанада Халықаралық архивтер күніне орай шағын футболдан жарыс өтті. Ж.Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайының жасыл алаңында ҚР Ұлттық архиві, Астана қаласының мемлекеттік архиві және «Арландар» секілді үш команда күш сынасты.



Жарысты Ұлттық архив директорының орынбасары Сәуле Мүшкенова мен «Арландар» футбол командасының директоры Әлихан Қабылда ашып берді. Қорытындысында бірінші орынды Ұлттық

архив командасы жеңіп алды. Астана қаласының мемлекеттік архиві екінші, ал «Арландар» үшінші орындарды иеленді. Әр командаға грамоталар, медальдар мен сыйлықтар тапсырылды.